



**Мектеп директорына**

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі 2026 жылдың 8 мамыр күні ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған «Surprise Me! Teaching Methods Showcase» тақырыбында аудандық әдістемелік алаң (1, 2-қосымшалар) өтетінін хабарлайды.

Осыған орай, әдістемелік алаңға қатысу үшін әр мектептен бір қатысушының сұранысын және әдіс әзірлемесін (1, 2-қосымшалар) ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейін білім бөлімінің әдіскері Р. Каландароваға қағаз нұсқада тапсыру қажет.

Қосымша: 2 бетте.

Ескерту: Әдістемелік алаңның өткізілу орны мен уақыты қосымша хабарланады.

Басшының м.у.а



**Б. Самылтыров**

Дайындаған: Р. Каландарова  
Тел: 8 702 3801779

**«Surprise Me! Teaching Methods Showcase» аудандық әдістемелік алаңына ұсынылатын әдіс әзірлемелеріне қойылатын талаптар**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Әдістемелік әзірleme ағылшын тілі сабағында тиімділігін дәлелдеген, оқушылардың ынтасын оятатын авторлық немесе бейімделген белсенді оқыту әдісін қамтуы тиіс. 1.2. Ұсынылатын әдіс практикалық қолданысқа негізделуі және 10–15 минут ішінде көрсетуге лайық болуы қажет. 1.3. Әдіс кез келген тілдік дағдыны (Listening, Speaking, Reading, Writing) немесе тілдік аспектілерді (Grammar, Vocabulary, Pronunciation) дамытуға бағытталуы мүмкін.

**2. Әзірlemenің құрылымы (рәсімдеу үлгісі)**

Әдістемелік жұмыс келесі блоктардан тұруы тиіс:

- Әдістің атауы: (Шығармашылық, есте қалатын атау)
- Мақсатты аудитория: (Қай сыныптарға арналған?)
- Мақсаты: (Бұл әдіс арқылы қандай нәтижеге қол жеткіземіз?)
- Қажетті ресурстар: (Тақта, карточкалар, цифрлық құралдар және т.б.)
- Іске асыру қадамдары: (Әдістің жүру барысын кезең-кезеңімен сипаттау)
- «Surprise» элементі: (Әдістің басқалардан ерекшелігі немесе қызықты тұсы)

**3. Техникалық сипаттамасы**

3.1. Көлемі: 2–3 беттен аспауы тиіс. 3.2. Параметрлері: Қаріп – Times New Roman, өлшемі – 14, жоларалық интервал – 1,15. Барлық жиектері – 2 см. 3.3. Форматы: Microsoft Word нұсқасында электронды және қағаз түрінде өткізіледі.

## **«Teaching Methods Showcase» әдістемелік алаңының қатысушыларына арналған нұсқаулық**

### **1. Іс-шараның мақсаты**

Мұғалімдердің үздік педагогикалық тәжірибелерін ортаға салу, заманауи оқыту технологияларын практикада көрсету және креативті ұстаздарды қолдау.

### **2. Көрсетілім форматы (Demo-session)**

2.1. Әр қатысушыға өз әдісін көрсету үшін 15 минут уақыт беріледі. 2.2. Қатысушы «мұғалім» рөлінде болады, ал аудиториядағы әріптестері «оқушылар» рөлін атқарады. 2.3. Регламент:

- Таныстырылым (2 мин): Әдістің мақсаты мен ерекшелігі туралы қысқаша ақпарат.
- Практикалық көрсетілім (10 мин): Әдісті аудиториямен бірге тікелей орындап шығу.
- Кері байланыс және сұрақтар (3 мин): Әріптестердің пікірі мен спикердің қорытындысы.

### **3. Бағалау критерийлері**

Әдістемелік алаңның сарапшылары қатысушыларды келесі көрсеткіштер бойынша бағалайды:

- Жаңашылдық: Әдістің бірегейлігі мен «Surprise» (таңғалдыру) элементінің болуы.
- Практикалық құндылық: Әдісті басқа мұғалімдердің өз сабақтарында қолдану мүмкіндігі.
- Интерактивтілік: Аудиторияны жұмысқа тарту деңгейі.
- Кәсіби шеберлік: Спикердің сөйлеу мәдениеті, уақытты тиімді пайдалануы.

### **4. Марапаттау**

4.1. Көрсетілім нәтижесі бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушылар Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. 4.2. Барлық қатысушыларға іс-шараға қатысқаны туралы сертификат беріледі.